

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы қыркүйекте Сауд Аравиясы Корольдігіне ресми сапары кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 5 сәуірдегі N 408

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы қыркүйекте Сауд Аравиясы Корольдігіне ресми сапары кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру және екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы қыркүйекте Сауд Аравиясы Корольдігіне ресми сапары кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың, Алматы қаласының әкімдері жоспарда көзделген шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, "Қазақстан теледидары мен радиосы" республикалық корпорациясы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, сапар кезінде қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтардың жүзеге асуының барысын бұқаралық ақпарат құралдарында көрсететін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне кемінде жылына бір рет мәлімдейтін болсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

N 408 Қаулысымен бекітілген

5 сәуір 1995 жыл

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың

Сауд Арабиясы Корольдігіне (САК) 1994 жылдың қыркүйегіндегі
ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды
жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары
(Үзінді)

Құжаттың аты | Ынтымақ. | Шаралардың | Атқаруға | Аяқтау | Орындау
| тастық | мазмұны | жауапты. | нысаны | мерзімі
| саласы | | лар | |

Қазақстан Республикасының ҚР Минис.- Сыртқы.- ҚР 1995
Үкіметі мен Сауд Арабиясы трлер Каби.- ісмині Министр. жылдың
Корольдігінің Үкіметі нетінің лер 1
арасындағы сауда-эконо.- бекітуіне Кабинеті. тоқсаны
микалық, инвестиция, енгізу нің бекі.
техника және мәдениет туі
салаларындағы, сондай-ақ
спорт саласындағы және
жастар істері жөніндегі
ынтымақтастық туралы
Бас келісім

Іс-әрекет Сыртқыіс. Шаралар тұрақты
тетігін міні, жоспары түрде
жасау және Эконом.
осы Бас ке. міні,
лісімнің Сауда-
орындалуына өнеркәсіп.
бақылау міні
жасауды қам.
тамасыз ету

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК